

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы N 247 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 135 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы N 247 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 9, 70-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулықта:

2-тармақтың екінші және үшінші абзацтары алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі кейіннен Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің алқа шешімін қабылдауды талап ететін аса маңызды мәселелер бойынша комиссияларды басқарады. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі басқаратын комиссиялардың құрамына мемлекеттік органдардың бірінші басшылары немесе алмастыру құқығынсыз олардың міндеттерін атқаратын тұлғалар кіреді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен оның орынбасарлары арасындағы міндеттерді бөлуге сәйкес олардың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ екі және одан астам мемлекеттік органдардың құзыреті шегінен шығатын мәселелер бойынша не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша комиссияларды басқарады. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары басқаратын комиссиялардың құрамына алмастыру құқығынсыз мемлекеттік органдардың бірінші басшыларының орынбасарларынан төмен емес мәртебесі бар лауазымды тұлғалар кіреді.

Салааралық және ведомствоаралық мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін құрылатын комиссияларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де мүшелері басқарады.

Осындай комиссиялардың құрамына кіретін мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының мәртебесі департамент директорынан төмен емес болуы тиіс.";

8-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) комиссияны/жұмыс тобын басқаратын лауазымды тұлға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың ұйымдардың және өзге де тұлғалардың комиссияның/жұмыс тобының құрамына кандидатуралар бойынша ұсыныстары;"

10-тармақта мемлекеттік тілдегі мәтінде "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің" деген сөздермен ауыстырылсын, "актісінің" деген сөздің алдынан "не Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тиісті" деген сөздермен толықтырылсын;

14-тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын;  
15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Комиссияны құруға бастамашылық жасаған мемлекеттік орган болып табылатын оның жұмыс органы не комиссия төрағасы болып табылатын лауазымды тұлға оны құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде көрсетіледі.

Комиссияның жұмыс органы комиссия жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Егер Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімінде өзгеше белгіленбесе, жұмыс тобының жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді оны құруға бастамашылық жасаған мемлекеттік орган жүзеге асырады.";

19-тармақтың бірінші абзацында "төраға" деген сөз "төраға/жетекші" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*